

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 833 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 тамыздағы № 661 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.08.2015 № 661 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңының 3-бабының 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К.Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2011 жылғы	19 шілдедегі
№ 833 қаулысымен	
бекітілген	

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасы 1.

Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) « Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңының 3-бабының 15) тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік бюджеттен

қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Қағидада мына ұғымдар пайдаланылады:

1) ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) салалық уәкілетті орган – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бас ұйым – нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған конкурстың қорытындылары бойынша мемлекеттік уәкілетті орган айқындайтын әрі іргелі және қолданбалы зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыруды сүйемелдеуді және орындалатын бағдарламаның шеңберінде орындаушы ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба және (немесе) бағдарлама бойынша орындаушы ұйым (орындаушы) (бұдан әрі – орындаушы ұйым (орындаушы) – ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың және (немесе) бағдарламалардың бір бөлігін немесе барлығын іске асыруды жүзеге асыратын заңды (жеке) тұлға;

5) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама – болжанған ғылыми-техникалық жұмыс мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттері, өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығы негізделген ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат;

6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері;

7) ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – ҒТБ МТ) – Қазақстан Республикасында мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың және олардың орындалуы жөніндегі есептердің тізбесі;

8) ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізілімі –

ғылыми, ғылыми-техникалық қызметтің мемлекеттік бюджет есебінен алынған ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің тізбесі;

9) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар ;

10) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет есебі – ғылыми-техникалық жұмыстың іске асырылуы туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді, сондай-ақ жоспарланған жұмыстардың әрі қарай жүргізілуінің орындылығы туралы не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат .

3. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыруды уәкілетті орган жүзеге асырады .

4. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есептердің мемлекеттік есепке алуға берілуін бақылауды уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар жүзеге асырады .

5. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың орындалуы жөніндегі есептер уәкілетті орган мен салалық уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында орналастырылуы тиіс .

6. Іске асырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет туралы есептерді мемлекеттік есепке алуды «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҰҒТАО» АҚ) ғылыми-техникалық ақпараттың ұлттық ресурсын қалыптастыру және Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуетінің қарқынын мониторингтеу (бұдан әрі – ақпараттық материал) мақсатында жүзеге асырады .

«ҰҒТАО» АҚ өзі белгілеген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардың ақпараттық материалды пайдалануға тез қол жеткізуін қамтамасыз етеді .

7. Ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың мемлекеттік тізілімі мен ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін «ҰҒТАО» АҚ анықтайды .

2. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу тәртібі

8. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері мемлекеттік есепке алу үшін «ҰҒТАО» АҚ-қа мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді береді.

9. Мемлекеттік есепке алу үшін түпнұсқада қағаз және электронды т а с ы м а л д а ғ ы ш т а р д а :

1) осы Қағидаға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар (бұдан әрі – б а ғ д а р л а м а) ;

2) осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар (бұдан әрі - жоба);

3) осы Қағидаға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес бағдарламаларды орындау, осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес рәсімделген ақпараттық картасы бар жобалар бойынша есептер (бұдан әрі – есеп), оның ішінде осы Қағидаға 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері.

Құжаттар пакеті толық болмаған және олар тиісінше рәсімделмеген жағдайда құжаттар анықталған кемшіліктер толық жойылғанға дейін тіркелмейді.

Ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

10. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік есепке алуға байланысты шығындарды бас ұйым немесе орындаушы ұйым (орындаушы) өзі к ө т е р е д і .

11. Салалық уәкілетті органдар Ұлттық ғылыми кеңестер ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды мемлекеттік бюджет есебінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, сондай-ақ жыл сайын келесі жылдың бірінші наурызына дейінгі мерзімде «ҰҒТАО» АҚ-қа ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар тізімін мәлімет үшін ұсынады.

12. Бағдарламаны мемлекеттік есепке алу үшін бас ұйым Ұлттық ғылыми кеңестер ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды мемлекеттік бюджет есебінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей «ҰҒТАО» АҚ-ға осы Қағидаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес бағдарламаны және титулдық бетін рәсімдеп, бағдарламаға түсіндірме жазба мен ағымдағы жылы

бағдарламаның тапсырмаларын (кезеңдерін) орындауға бөлінген бюджет қаражатының көлемін растайтын бас ұйымның басшысы қол қойып, мөрімен бекітілген құжатты тапсырады.

13. «ҰҒТАО» АҚ белгіленген тәртіппен тиісті шифр беру жолымен бағдарламаны тіркейді, оны ҒТБ МТ-ға енгізеді және тіркелген күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде бас ұйымға бағдарламаның ҒТБ МТ-ға енгізілгені туралы куәлік береді.

14. Тіркелген бағдарламаға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда кезекті жылға жоспарлы көрсеткіштерімен қатар бас ұйым «ҰҒТАО» АҚ-ға осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес бағдарламаның тапсырмалары (кезеңдері) бойынша мәлімет береді.

15. Бас ұйым есепті жылдан кейінгі жылдың отызыншы қаңтарынан кешіктірмей «ҰҒТАО» АҚ-ға осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес жылдық есеп пен оған түсіндірме жазбаны жібереді.

16. Бас ұйым есепті тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей тоқсан сайын «ҰҒТАО» АҚ-ға осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес бағдарлама тапсырмаларының (кезеңдерінің) орындалу барысы туралы есепті береді.

17. Жобаны мемлекеттік есепке алу үшін орындаушы ұйым (орындаушы) «ҰҒТАО» АҚ-ға жобаны қаржыландыру басталған күннен бастап отыз күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес тіркеу карталарын жібереді.

18. Жобаны бірнеше орындаушы ұйымдар (орындаушылар) орындаған жағдайда әрбір орындаушы ұйым (орындаушылар) «ҰҒТАО» АҚ-ға өзі дербес орындайтын жұмыстың бөлігіне тіркеу картасын жібереді.

19. «ҰҒТАО» АҚ белгіленген тәртіппен жобаны оған тіркеу нөмірін беру жолымен тіркейді, оны ҒТБ МТ-ға енгізеді және тіркелген күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде орындаушы ұйымға (орындаушыға) тіркеу картасының бір данасын жібереді.

20. Тіркелген жобаға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда орындаушы-ұйым (орындаушы) күнтізбелік отыз күн ішінде «ҰҒТАО» АҚ-на жазбаша хабарлама мен осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес тіркеу картасын ұсынады.

21. Егер тіркелген жобаны орындау процесінде оны құпияландыру қажеттілігі туындаса, орындаушы ұйым (орындаушы) он күн мерзімде бұл туралы «ҰҒТАО» АҚ-ға ҒТБ МТ-ға тиісті белгі енгізу үшін жазбаша түрде хабарлайды.

22. Есепті мемлекеттік есепке алу үшін орындаушы ұйым (орындаушы) жобаның жұмыстары (кезеңдері) аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде «ҰҒТАО» АҚ-ға ілеспе хат, осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес ақпараттық карта, қағаз және электрондық жеткізгіштерде есепті жібереді.

Есеп МЕМСТ 7.32-2001 «Ғылыми-техникалық жұмыс туралы есеп» мемлекетаралық стандартына сәйкес рәсімделеді.

23. «ҰҒТАО» АҚ есепті белгіленген тәртіппен оған инвентарлық нөмір беру жолымен тіркейді, оны ҒТБ МТ-ға енгізеді және тіркелген күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде орындаушы ұйымға (орындаушыға) ақпараттық картаның бір данасын жібереді.

24. ҒТҚН-ны мемлекеттік есепке алу үшін орындаушы ұйым (орындаушы) «ҰҒТАО» АҚ-ға құжаттарды осы Қағидаға 8, 9-қосымшаларға сәйкес жібереді.

25. ҒТҚН «ҰҒТАО» АҚ-да ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

26. ҒТҚН-ның құқық иеленушілері өзгерген, ҒТҚН-ны орындаушы ұйым қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік есепке алу объектісін пайдалануға байланысты емес басқа да негіздер бойынша орындаушы ұйым (орындаушы) «ҰҒТАО» АҚ-ға осы өзгерістер туралы осы Қағидаға 10 және 11-қосымшаларға сәйкес хабарлама жібереді.

27. ҒТҚН-ға құқық тоқтатылған жағдайда орындаушы ұйымның (орындаушының) осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес хабарламаның негізінде «ҰҒТАО» АҚ ҒТҚН туралы деректерді ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізілімінен алып тастайды.

«ҰҒТАО» АҚ бір ай мерзімде орындаушы ұйымды (орындаушыны) ҒТҚН-ны мемлекеттік есепке алудың тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына

1-қосымша

Ф1-біріздендірілген нысан

_____ жылға (жылдарға) арналған

КЕҢЕЙТІЛГЕН БАҒДАРЛАМАНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бағдарламаның шифры _____ Бағдарламаның атауы _____

Бағдарламаны орындау негізі болған себептер _____

Бағдарламаны орындау мерзімі _____ Қаржыландырудың көлемі _____ жылға _____ млн. теңге

Бас ұйымның атауы (толық және аббревиатурасы)	КҰЖЖ-ы бойынша коды	Мекенжай	Телефоны	Факсы, электрондық мекенжайы	Бірінші басшының Т.А.Ә.
1	2	3	4	5	6

Тапсырманың кезеңнің шифры	Тапсырманың кезеңнің атауы	ҒТАХТ коды Түйінді сөздер	Тапсырманы, кезеңдерді орындаушы ұйымның аббревиатурасы	Тапсырманың кезең басшысының Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, қызметі	Жұмыс орындалуының жоспарланған мерзімі (тоқсан, жыл)		Жоспарланған мерзімге теңге)			
					басталуы	аяқталуы	Барлығы	оның ішінде:		
								ҒЗИ	ТҚЖ	тәж жән сын
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Бағдарламаның жетекшісі _____
Құжатты орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

Бағдарламаны орындау үшін қажетті мамандар саны

Бағдарламаның шифры _____ Бағдарламаның атауы _____

Ұйымның аббревиатурасы	Ұйым бойынша барлығы	Оның ішінде			
		жоғары білімді	оның ішінде ғылыми дәрежелері бар		
			ғылым докторы	ғылым кандидаты	PhD
1	2	3	4	5	6

Бағдарламаның жетекшісі _____
Құжатты орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

Бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың реквизиттері

Бағдарламаның шифры _____ Бағдарламаның атауы _____

Ұйымның аббревиатурасы	Ұйымның толық атауы	КҰЖЖ бойынша коды	Ұйымның орналасқан жері	Бірінші басшының Т.А.Ә., қызметі, телефоны, факсы
1	2	3	4	5

Бағдарламаның жетекшісі _____
Құжатты орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды

Тапсырманың кезеңнің шифры	Тапсырманың кезеңнің атауы	ҒТАХТ коды Түйінді сөздер	орындаушы ұйымның аббревиатурасы	ғылыми дәрежесі, қызметі	басталуы	аяқталуы	Барлығы	ҒЗЖ	ТҚЖ	тәжі ж ә өне сын:
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Бағдарламаның жетекшісі _____

Құжатты орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды
және олардың орындалуы жөніндегі есептерді
мемлекеттік есепке алу қағидасына

4-қосымша

3-ғт (бағдарлама) нысаны

ВЕДОМСТВОЛЫҚ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
ұ с ы н ы л а д ы

ҚҰЖЖ коды | _____ | №3-ғт (бағдарлама) нысаны - жылдық.

Қазақстан Республикасы Статистика
агенттігінің 1999 жылғы 21 сәуірдегі № 7
қаулысымен бекітілген.

Бас ұйым жылдық есеп бергеннен кейін 30
қаңтардан кешіктірмей "ҰҒТАО" АҚ-ға

тапсырады

_____ жылғы бағдарлама бойынша тапсырмалардың, жұмыс кезеңдерінің
о р ы н д а л у ы т у р а л ы

ЕСЕП

Бағдарламаның шифры _____ Бағдарламаның атауы _____

Бас ұйым _____

Мекенжай _____

Басшының Т.А.Ә., телефоны, телефаксы, электрондық мекен жайы

Бағдарламалар бойынша жұмыстарды қаржыландыру (млн.теңге)

		Оның ішінде, төмендегілер есебінен							
--	--	------------------------------------	--	--	--	--	--	--	--

	Барлығы	республикалық бюджет	Ғылым қоры	жергілікті бюджет	меншікті қаражат	мақсатты қорлар	басқа салымдар
1	2	3	4	5	6	7	8
Бөлінген қаражат (жоспар)							
Нақты түскен қаражат							
Пайдаланылған қаражат							

3-ҒТ (бағдарлама) нысанның жалғасы

Жұмыстар тапсырмасының, кезеңінің шифры	Жұмыстар тапсырмасының, кезеңінің атауы	Жұмыстардың орындалу мерзімі (тоқсан, жыл)		Жұмысқа арналған нақты шығындар (мың теңге)			
		басталуы	аяқталуы	Барлығы	оның ішінде		
					ғылыми-зерттеу жұмыстарына	тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға	енгі
1	2	3	4	5	6	7	8

Бағдарламаның жетекшісі _____

Орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

1-бөлім. Бағдарлама бойынша құқықтық қорғау және жұмыс нәтижелерінің енгізілуі туралы мәліметтер

Жұмыстар тапсырмасының, кезеңінің шифры	Жұмыс нәтижелерін құқықтық қорғау			Жұмыс нәтижелерін енгізу	
	Өндірістік меншікті объектінің атауы (өнертабыс, пайдалы үлгі, өндірістік үлгі)	Патенттелген объектінің атауы және оның жаңалығының қысқаша мәні	Қорғау құжаттары (атауы, елі, нөмірі, берілу күні)	Ел, ұйым, кәсіпорын	Енгізілгенін растайтын құжаттың атауы, № және күні
1	2	3	4	5	6

Бағдарламаның жетекшісі _____

Орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

2-бөлім. Бағдарламаға бөлінген бюджет қаражаты есебінен технологиялар сатып алу

Жұмыстар тапсырмасының, кезеңінің шифры	Тапсырманың, кезеңнің атауы	Технологиялар, жабдықтар мен есептеу техникасының құралдарын сатып алу	
		Атауы	Құны (мың теңге)
1	2	3	4

Бағдарламаның жетекшісі _____

Орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы _____ Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

3-бөлім. Бағдарламалар бойынша тапсырмаларды, жұмыс кезеңдерін орындаушы ұйымдардың мамандармен қамтамасыз етілуі туралы анықтама

Ұйымның аббревиатурасы	Барлығы	Оның ішінде			
		жоғары білімді	оның ішінде дәрежелері бар		
			ғылым докторы	ғылым кандидаты	PhD
1	2	3	4	5	6

Бағдарламаның жетекшісі _____

Орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы _____ Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

4-бөлім. Бағдарлама бойынша дайындалған құжаттар мен жарияланымдардың саны туралы мәліметтер¹

Ұйымның аббревиатурасы	дайындалған құжаттардың саны, оның ішінде:						
	монографиялар	әдістемелер , құралдар, ұсыныстар	нормативтер	жіктеуіштер , каталогтар	оқу құралдары, бағдарламалар	заң жобалары	ғылыми-көпшіл басылымдар жинақтар, кітаптар, брошюралар т.т
1	2	3	4	5	6	7	8

Бағдарлама басшысы _____

Орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі М.О. Қолы _____ Т.А.Ә.
«__» _____ 20__ ж.

¹ Монографиялардың, оқу құралдары мен мақалалардың тізімін көрсету

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына

5-қосымша

Ф4-біріздендірілген

_____ жылғы _____ тоқсандағы

бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың жұмыс тапсырмаларын,

кезеңдерін орындау барысы туралы ЕСЕП

Бағдарлама шифры _____ Бағдарлама атауы _____

Бас ұйым _____

Есептік кезеңде бағдарламаны қаржыландыратын министрліктен, агенттіктен орындаушы ұйымға нақты _____ млн. теңге қаражат аударылды

Ұйымның аббревиатурасы	Есептік кезеңде берілетін мәліметтер				
	Нақты аударылған қаражат (мың теңге)	Орындауда ауытқулары бар тапсырмалар, кезеңдер			
	Сомасы	Шифры	Атауы	Жұмыстардың орындалу жағдайы	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6

Жиыны _____ (есепті кезеңде), оның ішінде:

Бағдарлама жетекшісі _____ Т.А.Ә.

Орындаушының Т.А.Ә. және телефон нөмірі _____ М.О. қолы

«__» _____ 20__ ж. Бас есепші _____ Т.А.Ә.

қолы

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына

6-қосымша

Тіркеу картасының нысаны

және оны толтыру тәртібі

5013 ТІРКЕУ КАРТАСЫ

01

Қайда: 050026, Алматы қ.,

Бөгенбай көш., 221.,

«ҰҒТАО» АҚ

5418 Шығыс №, күні 5436 Мемлекеттік тіркелу нөмірі

Жұмысты орындау мерзімдері

5517 Өзгертілген мемлекеттік

тіркелу нөмірі

7353 Басталуы

7362 Аяқталуы

--	--	--	--	--	--

7146 Жұмысты жүргізу үшін негіздеме	7137 Күнтізбелік жылдар бойынша қаржыландыру көздері және көлемі (мың теңге)	Барлығы	1-ші жыл	2-ші жыл	3 - шіжыл
07 Мемлекеттік бағдарлама	13 Мемлекеттік бюджеттің қаражаты				
09 Салалық (секторалдық) бағдарлама	22 Тапсырыс берушінің қаражаты				
10 Іргелі зерттеулер бағдарламасы (ІЗБ)	04 Меншікті қаражат				
11 Қолданбалы зерттеулер бағдарламасы	14 Отандық гранттар				
12 Инновациялық жоба	21 Ғылым қоры				
13 Іздену (тәуекелдік) жоба (ғылым қоры)	15 Халықаралық гранттар, қорлар				
34 Министрліктің тапсырмасы	31 Басқалар				
52 Ұйыммен шарт жасау					
43 Ынталы					

7191 Жұмыс түрі

39 Іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы

48 Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы

57 Тәжірибелік-конструкторлық, жобалау-конструкторлық

66 Жобалау-технологиялық

7020 Бағдарламаның шифры

7021 Бағдарлама шеңберінде орындалатын тапсырманың шифры _____

Негізгі ұйым туралы мәліметтер

2457КҰЖЖ коды 2934 Телефон 2394 Факс 3033 Электрондық мекен-жайы 2754

Қала

--	--	--	--	--

1332 Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

2151 Ұйымның толық атауы

2358 Ұйымның қысқартылған атауы

2655 Ұйымның мекенжайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

2142 Бірлесіп орындаушы ұйым

9126 Тапсырыс беруші

9027 Жұмыстың атауы

9153 Күтілетін нәтижелер

Зерттеу немесе әзірлеу объектісінің нақты жоспарланатын сипаттамалары мен параметрлерін көрсете отырып тіркелетін жұмыстың күтілетін нәтижелері еркін түрде сипатталады.

				5 4 3 6
	Тегі, аты, әкесінің аты	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Қолы	Мөр орны
Ұйым басшысы	6111	6210		
Жұмыс жетекшісі	6120	6228		

5634 ӘОК индексі 5274 Геолқор шифры 7434 Күні

5616 Тақырыптық айдарлар кодтары

--	--	--	--	--

5643 Түйінді сөздер

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына

7-қосымша

Ақпараттық картаның нысаны және оны толтыру тәртібі

АК 5013 АҚПАРАТТЫҚ КАРТА

02	03
----	----

Қайда: 050026, Алматы қ.,

Бөгенбай батыр көш., 221

5409 Бекітілген күні 5418 Шығыс №, күні 5436 Түгендеу №

5517 Мемлекеттік тіркелу нөмірі 5040 Құжат түрі 5535 Таратылу шарты

91 Қорытынды есеп 55 Өтеусіз беру

28 Аралық есеп 65 Келісімді

бағамен (ынталы

және шарт б/ша

жасалған жұмыстар

ү ш і н

5 7 1 5

Қ ұ ж а т т ы ң

т і л і

5733 Кітаптар саны

5751 Қосымшалар

5742 Жалпы беттер

5490 Патенттер

с а н ы

5 7 8 7 К ө з д е р

5 7 6 0 И л л ю с т р а ц и я

5778 Кестелер

7713 Қаржыландыру көлемі,

7020 Бағдарлама шифрі

мың теңге

7021 Бағдарлама шеңберінде орындалатын жұмыс тапсырмасының шифры__

9027 Жұмыстың атауы

7191	Жұмыс түрі	7326	Сатуға ұсынылған өнім		
39	Іргелі	ҒЗЖ			
48	Қолданбалы	ҒЗЖ			
57	Тәжірибелік-конструкторлық, жобалау-конструкторлық	02	Технологиялық құжаттама	11	А.-ш. дақылдарының сорттары
66	Жобалау-технологиялық	03	Әдістемелік құжаттама	12	А.-ш. жануарларының тұқымы
7137	Қаржыландыру көзі	04	Бағдарламалық құжаттама	13	Коллекциялар
13	Мембюджет қаражаты	05	Технология	14	Базалар, деректер банк
22	Тапсырушының қаражаты	06	Әдіс, тәсіл	15	Карталар
04	Меншікті қаражат	07	Модель	16	Стандарттар, нормативтер
14	Отандық гранттар	08	Материалдар	45	Техника үлгіс
21	Ғылым қоры	09	Қосылыстар	46	Автоматтандырылған жүйе
15	Халықаралық гранттар, қорлар	10	Препараттар	72	Сериялық өнім
31	Басқалар			73	Басқа (көрсетіңіз)

6183 Есеп авторлары

Жұмысты орындаушы ұйым туралы мәліметтер

2457 КҰЖЖ коды 2934 Телефон 3033 e-mail 2394 Факс 2754 Қала

1332 Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы _____

2151 Ұйымның толық атауы

2358 Ұйымның қысқартылған атауы

2655 Ұйымның мекенжайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

9045 Есептің атауы

_____ орындалу кезінде жасалған
(ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және техникалық жұмыстарды
орындауға қаражат бөлінген немесе мемлекеттік келісімшарттың тіркеу нөмірі
немесе құжаттарының деректемелері көрсетіледі)

_____ (ҒТҚН атауы көрсетіледі)

ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін тіркеуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасы атынан _____
(тапсырыс берушінің толық атауы көрсетіледі)

_____ (орындаушы ұйымдар құқығының көлемі көрсетіледі)

_____ орындаушы ұйымдарға тиесілі
(орындаушы ұйымдардың толық атауы көрсетіледі)

Орындаушы ұйымның басшысы _____

(қ о л ы) Т . А . Ә .

М.О. Күні

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды
және олардың орындалуы жөніндегі есептерді
мемлекеттік есепке алу қағидасына
9-қосымша

Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері туралы мәліметтерді есепке алу бойынша нысаны

Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды
(бұдан әрі – ғылыми-техникалық қызмет) орындауға қаражат бөлінген
мемлекеттік келісімшарттың немесе құжаттардың тіркеу нөмірі

_____ ҒТҚН тіркеу нөмірі _____

1. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің жеке ерешеліктері туралы мәліметтер

1.1. Нәтиженің атауы _____

1.2. Нәтиженің қысқаша сипаттамасы _____

1.3. Нәтиженің қолданылу саласы _____

1.4. Нәтиженің түрі _____

Т е х н о л о г и я

Ә д і с ,

т ә с і л

П а й д а л ы	м о д е л ь
М а т е р и а л д а р	
Қ о с ы л ы с т а р	
П р е п а р а т т а р	
А.-ш.	дақылдарының сорттары
А.-ш.	жануарларының тұқымдары
К о л л е к ц и я л а р	
Деректер	базалары, банктері
К а р т а л а р	
Т е х н и к а	ү л г і с і
Нәтижені қолдану техникасының	объектісі
Автоматтандырылған	жүйе
Басқа (көрсетіңіз)	

1.5. Нәтиженің тіршілік цикл кезеңі (тәжірибелік үлгі, өнеркәсіптік үлгі, сериялық өнім, қорғау құжаты, енгізу, жаңа тұқым шығару әдістемесі, жоғары өнімді табын, аудандастыру және т.б.)

1.6. Нәтижені жетілдіру бағыты _____

1.7. Әрі қарай зерттеу үшін нәтижелерді қолданудың перспективалық бағыттары _____

1.8. Енгізілудің болуы (хаттама, актілер, шарттар) _____

1.9. ҒТҚН енгізудің әлеуметтік тиімділігі _____

1.10. ҒТҚН енгізудің экономикалық тиімділігі _____

1.11. ҒТҚН енгізудің экологиялық тиімділігі _____

1.12. ҒТҚН енгізуден импорталмастыру тиімділігінің болуы _____

1.13. ҒТҚН қолдану артықшылығы _____

1.14. Патенттік зерттеулер туралы есеп (ҚР СТ МЕМСТ Р 15.011-2005 бойынша) _____

1.15. Нәтижелер туралы мәліметтер бар құжаттамалар тізімі _____

1.6. Түйінді сөздер _____

2. Ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын орындаушы ұйымдар және олармен бірлесіп орындаушылар туралы мәліметтер Бас ұйым туралы мәліметтер

- 2.1. Ұйымның атауы _____
- 2.2. Ұйымның қысқартылған атауы _____
- 2.3. Мекенжайы (тұрған жері) _____
- 2.4. Мемлекеттік мәртебесі бар атқарушы билік органының, қарамағына ұйым қарайтын басқа да ұйымның атауы _____

3. Есепке алу объектісіне және оның құрамдас бөлігіне Қазақстан Республикасы құқығының пайда болуының негізі мен көлемі туралы мәліметтер

3.1. Ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінген құжаттар _____

3.2. ҒТҚН-ға Қазақстан Республикасының құқығы туралы мәліметтер _____

4. Өндіріс құпиясына (ноу-хау) Қазақстан Республикасының құқығы туралы мәліметтер

4.1. Нәтиженің атауы _____

4.2. Өндіріс құпиясына (ноу-хау) қатысты коммерциялық құпия режимін белгілейтін құжаттар деректемесі _____

4.3. Өндіріс құпиясына (ноу-хау) Қазақстан Республикасы құқығының көлемі _____

Зияткерлік меншік объектілеріне Қазақстан Республикасының құқығы туралы мәліметтер

4.4. Объектінің түрі _____

4.5. Объектінің атауы _____

4.6. Қорғау құжатының нөмірі (зияткерлік меншік объектісін тіркеу туралы куәлік) _____

4.7. Басымдылық күні _____

4.8. Қолданылу аумағы және мерзімі _____

4.9. Зияткерлік меншік объектісіне Қазақстан Республикасы құқығының көлемі _____

4.10. ХПК индексі _____

4.11. Патент иесі _____

5. ҒТҚН авторлары туралы мәліметтер

5.1. Тегі, Аты, Әкесінің аты _____

5.2. Туған күні _____

5.3. ҒТҚН түрі және оны құқықтық қорғаудың қабылданған режимі (ҒТҚН мемлекетінің, орындаушы ұйымның және автор(лар) дың үлестік қатысуы) _____

5.4. Жұмыс беруші ұйымның атауы _____

Орындаушы ұйымның басшысы _____

Қ о л ы _____

К ү н і _____

М.О.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына 10-қосымша

ҒТҚН ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ӨЗГЕРГЕНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

_____ байланысты
(ҒТҚН туралы мәліметтердің өзгеру мен толықтыру негізі көрсетіледі)
ҒТҚН туралы мәліметтерді нақтылауыңызды сұраймын _____.

(ҒТҚН аталуы мен тіркелу нөмірі көрсетіледі)

Қосымша: ҒТҚН туралы мәліметтердің өзгеруіне негіз болатын құжаттардың көшірмесі, _____б.

Орындаушы ұйымның басшысы _____
(қолы) А.Ә.Тегі

К ү н і

М.О.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына 11-қосымша

ҒТҚН пайдалану туралы мәлімет

_____ ғылыми-техникалық қызметін жүзеге асыруға қаржы қаражаты бөлінген құжаттардың немесе мемлекеттік шарттың тіркеу нөмірі _____

ҒТҚН тіркеу нөмірі _____

Азаматтық құқықтық шарт туралы мәліметтер

Шарттың түрі, күні _____

Нәтиженің атауы _____

Берілетін құқықтардың көлемі _____

Шарттың қолданылу мерзімі _____

Шарттың қолданылу аумағы _____

Шартты төлеу талаптары _____

Шарттың тіркеу нөмірі _____

Нәтижені пайдалану мақсаты _____

Нәтижені пайдалану саласы _____

Нәтиженің түрі

Т е х н о л о г и я

Ә д і с , т ә с і л

П а й д а л ы м о д е л ь

М а т е р и а л д а р

Қ о с ы л ы с т а р

П р е п а р а т т а р

А.-ш. дақылдарының сорттары

А.-ш. жануарларының тұқымдары

К о л л е к ц и я л а р

Деректер базалары, банктері

К а р т а л а р

Т е х н и к а ү л г і с і

Нәтижелерді қолдану техникасының объектісі

Автоматтандырылған жүйе

Басқа (көрсетіңіз)

Нәтиженің тіршілік цикл кезеңі (тәжірибелік үлгі, өнеркәсіптік үлгісі, сериялық өнім, қорғау құжаты, енгізу, жаңа тұқым шығару әдістемесі, жоғары өнімді табын, аудандастыру және т.б.)

Нәтиже туралы мәлімет бар берілетін құжаттамалардың тізімі

Лицензиар туралы мәлімет

Ұйымның атауы _____

Ұйымның қысқартылған атауы _____

Мекенжайы (орналасқан жері) _____

КҰЖЖ коды _____

ЖСН/СҚК _____

Лицензиат туралы мәлімет

Ұйымның атауы _____

Ұйымның қысқартылған атауы _____

КҰЖЖ коды _____

ЖСН/СҚК _____

Лицензиар _____

Қолы _____

Күні _____

М.О.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидасына 12-қосымша

ҒТҚН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ҒТҚН-НЫ АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

_____ байланысты
(тапсырыс берушінің деректер базасынан есепке объектісін алып тастау негізін тұжырымдау)

ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізіліміне есепке алу объектісін алып тастау туралы мәліметтер енгізуді сұраймын

(есепке алу нысанының атауы және оның тіркеу нөмірі)

Қосымша: Есепке алу объектісін ҒЗҚТ МТ-ден алып тастауды негіздейтін құжаттардың көшірмесі, ____ б.

Орындаушы ұйымның басшысы _____
(қолы) А.Ә. Тегі

Күні М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК